

әдістерді ғылыми жетілдіру бюджеттік жоспарлаудың деңгейін көтеріп, қаржы қызметкерлерінің жұмысына экономика - математикалық әдістер және автоматтандырылған басқару жүйесін қолдануға жағдай жасайды.

Бюджеттік жоспарлау процесіне баланстық әдіс кеңінен қолданылады. Кез келген әкімшілік - аймақ бюджетінің кірістері мен шығыстарын теңестіру оның негізгі мәні болып табылады. Баланстық әдіс арқылы республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттер арасындағы бюджет қаражаттарының дұрыс бөлінуі қамтамасыз етіледі. Бюджеттің кірістері мен шығыстарының теңдігі оның тұрақтылығын анықтап, Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің табысты орындалуына алғы шарт жасайды.

Сонымен, бюджеттік жоспарлауды жетілдіру үшін келесі шараларды ескерген жөн:

- біріншіден, кәсіпкерлікпен айналысуға тілек білдірген жеке тұлғаларға жол ашып, патенттік нысанды жетілдіру. Өйткені, патентте салықтардың тұрақты сомасы көрсетілген, бұл салық органдарының тексеру жүргізілуіне ғана емес, бюджет кірісін жоспарлауға да оңай;

- екіншіден, салық Кодексіне түзетулер мен өзгертулер енгізуді салық жылының ортасында жүзеге асыруға болмайды. Бұл жоспарланған бюджеттің орындалуына кедергілерін келтіреді;

- үшіншіден, бюджеттік мекемелердің жұмыскерлеріне бөлінетін еңбек ақыдан салық алынбауы керек. Өйткені, мемлекет өзі бөлген қаражатының төлем көзінен табыс салығын ұстап, салық жүгін ауырлата түседі;

- төртіншіден, шетелдік инвестицияларды ұтымды және тиімді пайдалану керек. «Алашақтың да берешегі бар» демекші, инвестицияны өз орнына жұмсамау мемлекеттік борыштың өсуіне әкеледі;

- бесіншіден, бюджеттік жоспарлауды әрі қарай жетілдіру баланстық әдістің дамуына, экономика - математикалық әдістерді қолдануға және автоматтандырылған басқару жүйесін құруға байланысты. Экономика-математикалық әдістерді жоспарлауда қолдану, бюджеттік көрсеткіштерге әсер ететін факторларға қарамастан ұтымды шешімдер қабылдауға жол ашады. Ал есептеуіш машиналарды қолдану қабылдаған шешімдерді салыстыра отырып, жоспардың көптеген есептік жобаларын дайындауға мүмкіндік береді.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі (2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі).
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты Жолдауы, 2008 жыл 6 ақпан.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 – 2009 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты, ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 12 шілдедегі № 660 Қаулысымен бекітілген.
4. «2008-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008-2010 жылдарға арналған Орта мерзімдік фискалдық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 тамыздағы № 754 қаулысы.
5. Ястребова О.К. «Стратегические планы государственных органов РК: задачи, структура, основные требования. Международный опыт подготовки аналогичных документов и его уроки» // Республиканский семинар «Внедрение системы государственного планирования и бюджетирования, ориентированного на результаты», 2008 года 11 марта
6. Мырзабай Л.У. Бюджетаралық қатынас – бюджет процесін дамытудың бірден-бір қайнар көзі // Аль-Пари. – 2004. - №4.
7. Елубаева Ж. Об отдельных вопросах качества управления бюджетными ресурсами / -Алматы: Қаржы-қаражат, 2004 - №1.
8. 8. www.kaz.minplan.kz – ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрлігі.
9. www.minfin.kz – ҚР Қаржы Министрлігі

Редакцияға 30.01.2010 қабылданды.

#### Қ. ӘБДІКӘРІМОВА ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

*In the article the author discussed important issues related to unemployment, including among the young Republic of Kazakhstan. Article deals with the urgent problem of unemployment, including among youth. In the article the author to make an analysis of indicators for the years 2001-2009, describing the rate of unemployment among the population and young people in the Republic of Kazakhstan, are given their own interpretation on this issue, given the statistical material, from which comes that the whole of Kazakhstan, has developed a positive trend towards reduction youth unemployment.*

Экономикалық дамудың жоспарлы және орталықтандырылған бағытынан шаруашылықты жүргізудің нарықтық әдістеріне өтуі елеулі өзгерістерге алып келді.

Қоғамның стратегиялық ресурсы болып табылатын жастар, қалыптасып жатқан өмір шындығын өзінше қабылдай және бағалай отырып Қазақстан пайдасы үшін қызметке қатысуға ұмтылады және бүгінгі таңда оларға қолдау көрсеткен жөн, мемлекеттің еңбекке қабілетті халқының арасында жастардың үлесін арттыру үшін осы қызметке жас ұрпақ потенциалын қосу керек. Алайда әлеуметтік-экономикалық үрдістерге қазақстандық жас ұрпақтың қатысу белсенділігі олардың экономиканың түрлі секторларында жұмыспен қамтылу мәселесіне байланысты. Сондықтан қазіргі уақытта аймақтық деңгейде жұмыспен қамту құрылымдарының қызметін бағыттау негізінде, жастарды жұмыспен қамтудың толық басқару жүйесін қалыптастыру керек. Жастарды жұмыспен қамтуды басқару қажеттігі, сондай-ақ жас ұрпақтың өздігінен даму мәселесіне де байланысты, ол сапалы білім алу, қызмет барысында өсу және лайықты еңбек ақы алу мүмкіндіктерімен көрінеді, ал оның табиғаты нақты аймақта қалыптасқан экономикалық, географиялық, демографиялық және қайта жаңғыру шарттарымен анықталады.

Заманауи еңбек нарығы экономикалық өзгерістер жүргізу барысында қалыптасады. Оның көрінісі жасырын жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, қызметкердің қосқан үлесі мен оның табысы арасындағы байланыстың үзілуі, жалақының уақтылы берілмеуі және т.б. болып табылады.

Жастардың еңбек нарығына енуі елеулі қиыншылықтармен және қайшылықтармен қатар жүреді. Олар ең алдымен мамандық таңдауда жастар оның еңбек нарығында қажеттілігіне емес, қоғамдағы беделділігі мен абыройына қарай бағыт ұстауына байланысты туындайды. Осыған байланысты оқу орнын бітірген жастардың көп бөлігі алған мамандығы бойынша жұмыс істемейді немесе мүлдем жұмысқа орналаспайды, бұл жастар арасында жұмыссыздық деңгейінің артуына әкеледі. Нәтижесінде жастардың осы бөлігінің біліміне салынған қаражат өзін-өзі ақтамайды.


Қазіргі қоғамдағы жастар ролі, жас буынның әлеуметтік қызметтері, оның саяси позициясы мен көзқарасы, білімі мен кәсіби біліктілігі деңгейі, адамгершілігі мен мәдени қажеттіліктері туралы мәселелерді зерттеудің теориялық және практикалық мәні аса зор. Қоғамдық үрдістегі жастар ролі, оның қызметінің түрлері, құндылықтары, дүниетанымы, қызығушылығы, қажеттіліктері мен психологиялық қасиеттері әлеуметтік және геосаяси даму сипаты, қоғамдық қатынастар, тарихи жағдайлар сипатымен шарттасылған. Халықтың осы тобын зерттеудің негізгі мәселелерінің біріне, біздің ойымызша, жастар еңбегінің пайдаланылуын бағалау жататын сияқты. Бұл өз негізінде жастардың еңбек ресурстарын, жастардың еңбек нарығын және оның жұмыспен қамтылуы мен жұмыссыздық, көшіп-қону, табиғи өсу сияқты құрамдас бөліктерін әлеуметтік, экономикалық, демографиялық, саяси және басқа проблемалар мен факторлар аясында теориялық және практикалық зерттеу қажет екенін көрсетеді. Жастардың орнын әлеуметтік-экономикалық жүйеде талдау қажеттілігі ең аз дегенде екі маңызды шартпен негізделеді. Біріншіден, жастар шамамен Қазақстанда еңбекке жарамды халықтың 25% құрайды; екіншіден, бұл аса маңызды, олар – елдің болашағы, олардың қызметі оның әрі қарай дамуымен байланысты. Бүгінде жастар көбінесе қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымын анықтайды. Сонымен бірге бұл дүние жүзіндегі еңбек нарығында, әсіресе Қазақстанда қатты осал топтардың бірі болып табылады. Аталған мәселелердің маңыздылығына қарамастан, оларға ғылыми зерттеулерде, бұқаралық ақпарат құралдарынды, үкіметтік құжаттарда аз көңіл бөлінеді.

Жұмыссыздар – халықтың экономикалық белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы, қаралған кезеңде:

- жұмыссыз болған (табысты жұмысы болмаған);
- оны іздеумен белсенді айналысқан;
- уақыттың белгілі бір кезеңі ішінде жұмысқа кірісуге дайын болған деген үш негізгі критерийге бір мезгілде жауап берген адамдар.

Жұмыссыздық деңгейі – экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы жұмыссыздар санының пайызбен есептелген үлесі.

Жастар жұмыссыздық деңгейі – 15-24 жастағы жұмыссыз халық санының осы жастағы



**1 сурет. Жұмыссыз халық және жұмыссыздық пен жастар жұмыссыздығы деңгейі**  
Ескертпе Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған.

**1 кесте. Қазақстан Республикасы аймақтарындағы жастар жұмыссыздығы деңгейі.**

Қазақстан Республикасы аймақтары	Жастар жұмыссыздығы деңгейі (15-24 жас), пайызбен				
	2004	2005	2006	2007	2008
Ақмола	16,7	14,7	12,5	9,0	10,1
Ақтөбе	7,1	9,2	8,8	2,6	2,0
Алматы	12,2	11,2	11,8	4,7	4,9
Атырау	20,8	18,2	14,7	9,3	6,9
Батыс Қазақстан	19,2	18,5	12,3	7,3	7,8
Жамбыл	20,3	13,9	14,2	10,6	6,8
Қарағанды	12,4	10,0	9,3	8,8	8,6
Қостанай	14,2	11,7	14,6	10,5	8,4
Қызылорда	27,5	12,3	8,8	7,4	7,1
Маңғыстау	20,2	17,8	11,4	12,2	8,3

Оңтүстік Қазақстан	8,9	11,8	10,8	9,4	5,0
Павлодар	11,1	11,2	6,3	6,2	6,7
Солтүстік Қазақстан	13,3	13,6	12,4	9,4	10,8
Шығыс Қазақстан	9,2	13,3	12,3	10,8	10,4
Астана қаласы	14,0	11,0	13,7	17,0	11,4
Алматы қаласы	25,1	24,0	20,9	19,3	10,2
Қ а з а қ с т а н Республикасында	14,3	13,4	12,1	9,4	7,4

Ескертпе Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

Бұл кестеге сүйене отырып біз Қазақстан Республикасы аймақтарындағы жастар жұмыссыздығы деңгейінің жылдан жылға азайғандығының куәсі боламыз. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жөніндегі» заңына сәйкес жастар - бұл 16 жастан бастап 24 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, шет мемлекеттердің азаматтары және Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты өмір сүріп жатқан азаматтығы жоқ тұлғалар.

Заңнамада анықталған еңбек ресурстарының төменгі шекарасы болып 16 жас есептелетіндігін, сондай-ақ осы жасқа қарай жас адамда бұлшық ет пен сүйек жүйесі қалыптасатындығын және оның белгіленген жұмысты орындай алатындығын назарға ала отырып, осы жас жұмыс істеу кезеңінің заңды негізделген бастапқы сатысы болып табылады.

Сонымен қатар, дәл осы жаста жастардың басым көпшілігі жалпы білім мектебін аяқтайды және әр түрлі себептерге байланысты ЖОО-ға немесе басқа білім мекемелеріне түсе алмағандары өзінің төмен біліктілігімен ерекшеленетін белгілі бір еңбек түрімен айналыса бастайды [2].

Қазақстан Республикасында 1998 жылдан бастап 2001 жыл аралығында Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 20 маусымында қабылданған «Қазақстан Республикасында зейнеткерлікті қамтамасыз ету жөніндегі» заңына сәйкес зейнеткерлік жас өзгертілді. Қазіргі кезде олар әйелдер үшін 58 жас және ерлер үшін 63 жас деп қабылданған [3].

Бұған сәйкес, заңнамада және тәжірибелік қызметте жастардың еңбек ресурстарының жас шектерінің ұлғаюы статистикалық материалдарды өте объективті түрде өңдеуге және осы санаттағылар санын талдауға ғана ықпал етіп қоймай, сонымен бірге зор ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігіне, жастар өмірінің жағдайлары мен өмір сапасын жақсартуға, оның кәсіби және шығармашылық әлеуетін дамытуға, сондай-ақ ұсынылатын жас аралығында өте өнімді қызметті жүзеге асыруға ықпал етеді. Жоғарыда аталғандарды қорыта отырып, мынадай қорытынды жасауға болады, яғни жастардың еңбек ресурстары құрамына экономикалық белсенді және экономикалық белсенді емес жастар жатады, негізінде «жастардың еңбек ресурстары» түсінігіне келесі анықтама ұсынылады. Қазақстан Республикасындағы жастардың еңбек ресурстары – бұл белгіленген қызметті жүзеге асыру үшін дене күші, білімі мен тәжірибесінің жеткілікті деңгейі бар 16-24 жастағы еңбек ресурстары. Еңбек нарығындағы жастардың жұмысбастылығы мен жұмыссыздығын зерттеу кезінде белгілі бір жастар тобының ерекшеліктерін ескеру керек, өйткені олар әр алуан болып келеді. Ондағы бар бос орындарды ескере отырып жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныс арасындағы балансқа жетумен тұжырымдалатын оның басты міндетін шешу еңбек нарығын қалыптастыру факторларын айқындауды талап етеді.

Нарықтық қатынастар мен еңбек нарығының қалыптасу үрдісі жұмыскердің өндіріс құралдарынан бөлініп, осымен оған заңды еркіндік беру сәтінен басталады. Егер адам еңбегі затқа айналған, өзі жасаған тауарды сата алмаса, онда өзінің өмір сүруіне қаражат табу үшін өзінің жұмыс күшін сатуы тиіс. Сондықтан еңбек нарығын қалыптастырудың негізгі алғышарттарының бірі, бір жағынан, жұмыс орындарын ұсынатын көптеген жұмыс берушілердің болуы болып табылса, ал екінші жағынан, тауар ретінде жұмысшы күшін ұсынатын жалдамалы жұмысшылардың болуы болып табылады. Бұл жағдайда аталған көпшілік мемлекет, кәсіпорындарда жұмыс беруші ретінде болатын жоспарлы экономикадағыдай, формальді түрде болмауы тиіс [4].

Мемлекет жұмыспен қамту саясатын жүргізе отырып, жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасында құқықтық нормалар мен қатынастардың сақталуына бақылауды жүзеге асырады. Осыған байланысты мұнда еңбек нарығының нормативтік-құқықтық базасының жұмыс істеу тиімділігіне байланысты институционалдық факторлар ерекшеленеді. Институционалдық факторлар олар үшін, бір жағынан, мемлекет немесе аймақ деңгейінде арнайы мақсатты бағдарламалар жасалатын, екінші жағынан, түрлі жәрдемақылар, стипендиялар, гранттар және т.б. төлеумен байланысты осы бағдарламалар мен түрлі заңнамалық актілер шеңберінде жұмыспен қамту қорлары құрылатын жастардың еңбек ресурстарымен тығыз байланысты.

Мемлекет, жұмыспен қамту саласында түрлі шешімдер қабылдау және әр түрлі заңдар әзірлеу арқылы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық саясатты жүргізе отырып, тиімді түрде еңбек ресурстарын басқаруға тырысуда. Сондықтан заманауи еңбек нарығын, оның ішінде жастарды қалыптастыру саяси факторлардың әсеріне де байланысты.

Барлық ТМД мемлекеттерінің арасында шетел жұмыс күшін жалдау туралы келісімдерге қол қойылған. Сондықтан интеграция үрдісінің факторлары және басқа елдердегі жастардың кәсіби қызметі жастардың еңбек нарығын қалыптастырудың саяси факторы болып табылады.

Еңбек нарығын реттеу жүйесін жүргізіліп жатқан жұмыспен қамту саясаты аясында жүзеге асыру керек. Жастардың еңбек нарығы туралы айтқанда, мемлекет жастарды оның жоғары емес кәсіптік бәсекелестік қабылеті мен кәсібилігіне барынша қолдау көрсетуі тиіс. Бұл жағдайда, осы қолдау өзінің ықпалы бойынша еңбек нарығы өз бетімен реттеу механизмі көрсететін деңгейден төмен болмауы тиіс [5]. Жастардың еңбек нарығына қатысты мемлекет жүргізіп отырған саясат мемлекеттік және аймақтық жастар бағдарламалары аясында әр түрлі заңнамалық актілерді іске асыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл құжаттарды жүзеге асырудың негізгі мақсаты жастардың заманауи еңбек нарығын қалыптастыруға ықпал ететін тетіктер әрекетінде жастардың түрлі проблемаларын шешу болып табылады.

Негізгі әлеуметтік механизмдердің бірі жастарды жұмыспен тиімді қамтамасыз ету механизмі мен оның жұмыссыздық деңгейін төмендету болып табылады. Оның тиімді жұмыс істеуіне келесідей шараларды орындағанда және сақтағанда қол жеткізілуі мүмкін:

- 1) жастардың еңбек нарығы проблемаларының аймақтық ерекшеліктерін шешудегі жергілікті өзін-өзі басқару органдарының рөлін күшейту;
- 2) мемлекеттік бюджет құралдары мен әлеуметтік бюджеттен тыс қорлар есебінен жастар жұмыссыздығының жоғары деңгейі бар аймақтарда әлеуметтік және экономикалық бағдарламаларды басымдылықпен қаржыландыруды жүзеге асыру;
- 3) индустриялық аудандарда, сонымен бірге шағын және орташа қалаларда, моноэкономикалық құрылымды кенттерде жастардың жаппай жұмыссыз болуының жағымсыз салдарын барынша азайту;
- 4) жас қызметкерлердің жаппай жұмыстан шығарылуының алдын алу, жастар үшін экономикалық мақсатқа сай бар жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңаларын ашу, жаңа прогрессивті өндіріс үшін жас мамандарды қайта даярлаудың озық тәжірибесін жүзеге асыру;
- 5) жастардың дәрменсіз ұйымдардағы еңбек құқығын қорғауды, жұмысынан айрылған кезде жастарға тиімді қолдауды қамтамасыз ету;
- 6) әлеуметтік қорғау және біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету үшін қажетті инфрақұрылым жасай отырып, ірі «жастар құрылыстарын» ұйымдастыру.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Халықтың жұмыспен қамтылуы және жұмыссыздық» Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігі. <http://www.stat.kz>
2. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жөніндегі» Заңы / «Егемен Қазақстан» 2004 жылғы 14 шілде № 176.
3. «Қазақстан Республикасында зейнеткерлікті қамтамасыз ету жөніндегі» Заңы, «Егемен Қазақстан» 2005 жылғы 22 маусым № 138.
4. «Қазақстан жастары 2009» // Статистикалық жинақ, Астана-2009.
5. Қазақстан халқының экономикалық белсенділігі 2004-2008 жылдар. // Статистикалық жинақ, Астана-2009.

Редакцияға 22.02.2010 қабылданды.

**Р.Ж.ӘЛІМБЕКОВ**

#### **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫ МЕН БАСҚАРУШЫ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ**

XX ғасырдың соңғы онжылдығындағы әлем тарихының басты оқиғасы ретінде енген – КСРО алып империясының күйреуі еді. КСРО құрамындағы Республикалардың өз тәуелсіздіктерін жариялап, өз алдына Тәуелсіз мемлекет құра бастауы әлем жұртшылығының назарын аударды. Қазақстанның да тағдыры шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының, сарапшылардың бақылау, зерттеу нысанына айналды. Сол кезеңде Қазақстан туралы шетелдік БАҚ тарапынан көптеген